

Қостанай қаласында жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2016 жылғы 6 қазандағы № 77 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 қарашада № 6699 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы № 233 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 28.03.2018 № 233 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы кодексінің 8-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің 387-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай қаласында жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету осы шешімнің қосымшасына сәйкес жүзеге асырылсын.

2. Мәслихаттың 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 201 "Жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-1-129 тіркелген, 2009 жылғы 16 маусымда "Қостанай" газетінде жарияланған), мәслихаттың 2015 жылғы 13 тамыздағы № 346 "Мәслихаттың 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 201 "Жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5876 тіркелген , 2015 жылғы 22 қыркүйекте "Наш Қостанай" газетінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешім 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы, № 8 сайлау
округі бойынша депутаты*

*Қостанай қалалық
мәслихатының хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті Қостанай облысы бойынша
мемлекеттік кірістер департаментінің

Н. Шагабутдинова

Б. Сандыбеков

Қостанай қаласы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ С. Доненбаев

"Қостанай қаласы әкімдігінің
жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ С. Жусипбеков

Мәслихаттың
2016 жылғы 6 қазандағы
№ 77 шешіміне қосымша

Қостанай қаласында жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету

№ р/с	Аймақтың нөмірі	Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату коэффициенті
1	1	1,50
2	2	1,45
3	3	1,40
4	4	1,35
5	5	1,30
6	6	1,25
7	7	1,20
8	8	1,10
9	9	1,00